


Жиһаз өнеркәсібі бойынша 2020 жылғы қаңтар-тамыздағы дайджест



САЛАНЫҢ
НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Жиһаз өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге



Түсінік:

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2020 жылғы қаңтар-тамызда 24,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2019 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 0,4% төмен, ФКИ 16,1% төмендеді.


Коронавирус инфекциясымен күреске бағытталған ағымдағы жылы енгізілген Қазақстандағы карантин шаралары өнім өндірісінің негізгі төмендеу факторы болып қалады.

Карантиндік шектеулер енгізілген сауда серіктес елдер тарапынан Қазақстандық тауарларға сыртқы сұраныстың азаюы қосымша фактор болды.

Өндіріс көлемінің төмендеуі, жатын бөлмеге арналған ағаш жиһазды қоспағанда (керуеттер мен шкафтардан басқа), саланың барлық негізгі түрлері бойынша байқалады, ал онда НИИ-дің өсуі 13,0% құрады.

**Өңірлер кесінінде жиһаз өндірісінің
2020 ж. қаңтар-тамыздағы көлемі, млн. теңге**

Жиһаз өндірісінің ең жоғары көлемі құндық көріністе Алматы қ., Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарында байқалады



**Жиһаз өнімінің негізгі түрлері өндірісінің 2020 ж. қаңтар-тамыздағы
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғандағы көлемі****Түсінік:**

2020 жылғы қаңтар-тамызда заттай көріністе жатын бөлмеге арналған өзге де ағаш жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісі көлемінің 10,4% өсуі байқалады.


Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 8 айда былтырғы жылдың осы кезеңмен салыстырғанда қаңқасы негізінен металл арнайы отыруға арналған жиһаз өндірісі көлемінің - 31,7%, асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісі - 24,9%, ас үй жиһаз өндірісі - 23,8%, кеңселік жиһаз өндірісі көлемінің 12,9% төмендегені байқалады. Коронавирус пандемиясына байланысты елімізде енгізілген шектеу шараларына байланысты кәсіпорындардың мәжбүрлі тоқтап қалуы, сондай-ақ, елімізде және көрші мемлекеттерде экономикалық белсенділіктің төмендеуі жиһаз өндірісі көлемінің төмендеуінің негізгі себептері болып табылады.

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

САУДА ЖӘНЕ САТУ
НАРЫҒЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт
Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2020 жылғы қаңтар-шілдеде 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 1,7 есе төмендеді және 2,3 млн. АҚШ долл. құрады, ал заттай көріністе – тиісінше 1,4 есе және 874 мың т. Көрші елдерде коронавирус бойынша карантин шараларын енгізуге байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуі жиһаз өнімі экспорты көлемінің азаюының негізгі факторы болып табылады.



Импорт
Жиһаз өнімі импортының көлемі 2020 жығы қаңтар-шілдеде ақшалай көріністе 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 10,9% төмендеді және 133,5 млн. АҚШ долл. құрады, ал заттай көріністе - тиісінше 1,6 есе және 52,3 мың т. Сұраныстың төмендеуі, сондай-ақ, елімізде коронавирус бойынша карантин шараларын енгізуге байланысты экономикалық белсенділіктің құлдырауы импорт көлемінің төмендеуінің негізгі себебі болып табылады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-шілдедегі экспорт/импорты

Экспорт	мың АҚШ долл.	тонна	Импорт	Мың АҚШ долл.	тонна
Биіктігін реттейтін құрылғылары бар, айналатын, отыруға арналған жиһаз	501	115	Өзге ағаш жиһазы	32 646	16 201
Өзге металл жиһазы	407	176	Жатын типті ағаш жиһаз	17 394	11 652
Өзге металл қаңқасы бар, қапталған, отыруға арналған жиһаз	253	81	Өзге ағаш қаңқасы бар, қапталған, отыруға арналған жиһаз	13 042	2 171
Өзге ағаш жиһазы	239	56	Металл, ағаш, басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөліктері	12 030	6 677
Өзге ағаш қаңқасы бар, қапталған, отыруға арналған жиһаз	187	118	Өзге металл жиһазы	10 147	2 860

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Алматыда алғашқы өнеркәсіптік парк ашылды

«2020 жылғы 04 қыркүйекте Almaty Finance компаниясы («Алматы») ӘӨК еншілес кәсіпорны) Наурызбай ауданында Ala Estate ЖШС компаниясы алғашқы алматы өнеркәсіптік паркін журналистерге ұсынды», - деп хабарлайды қалалық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Бұл объект Almaty Business-2025 мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде былтырғы жылы қарашада ашылды.

Almaty Finance компаниясының Жобаларды сүйемелдеу департаментінің директоры Нұржан Садықов журналистерге осы нысандағы қолдау схемасы туралы айтты.

«Жобаның мақсаты - өндірістік алаңдарды қайта құру және жаңғырту. Сондай-ақ, осы өнеркәсіптік парк аумағында бірыңғай кластер құру міндеті қойылды, яғни, ұқсас бағыттағы жобаларды орналастыру. Сонымен бірге, жалдау 5-7 жылға төмен және тіркелген мөлшерлемеде 1 ш.м. үшін 1000-1200 теңге көлемінде ұсынылады.

Алғашқы жоба Furnita компаниясы сататын жиһаз өндірісін ұйымдастырумен байланысты. Мұнда екі жақты әсерге қол жеткізілді. Яғни, біз өнеркәсіптік парк құрылысын қолдадық. Ал, оның аумағында біздің қолдауымызбен жиһаз өндірісі бойынша жоба іске асырылуда. Өнеркәсіптік паркті біз жылдық 6% қаржыландырсақ, жиһаз жобасын 2% қаржыландырдық.

Біз 2 және 6%-бен 7 жылға дейін инвестициялық мақсаттарға, 3 жылға дейін айналым капиталын қолдауға комиссиясыз кредиттер ұсынамыз. Клиентпен тікелей өзара әрекет ету және кешенді қызметтер көрсету кредиттеу бағдарламасының бірегейлігі болып табылады», - дейді ол.

Almaty Finance өкілінің айтуынша кәсіпкер үшін тағы да бірқатар басымдықтар бар. Атап айтқанда, жобаларды қарау үшін қандай да бір комиссияның болмауы. Сонымен қатар, серіктестерге «Алматы финанс» компаниясы, Qolday кәсіпкерлік орталығы, «Алматы» микроқаржы ұйымы орналасқан «Инвестиция үйінде» кешенді қызмет алу мүмкіндігі ұсынылады. Сонымен қатар, қаржыландыруды бекіту мерзімі 30 жұмыс күнінен 5-10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Алдағы уақытта Алматы аумағында осындай алты өнеркәсіптік парк құру жоспарланған.

Сондай-ақ, инвестор креативті индустрия, әлеуметтік объектілер құрылысы, өңдеу өнеркәсібі жобаларын дамыту, стационарлық емес сауда объектілері желісін дамыту саласындағы жобаларды қолдауға ниеттеніп отыр. Almaty Finance-де айтқандай олар тұрмыстық қызмет көрсететін өнеркәсіптік парктер, сервистік орталықтар және «қадамдық қолжетімділіктегі» жаңа форматтағы дүкендер болуы мүмкін.

Дереккөз: www.vecher.kz



Алматының өнеркәсіптік паркінде кушетка өндірісі іске қосылды

Pro salon.kz негізін қалаушы Мақсат Абиев компания пандемия кезінде қандай проблемаға кезіккені туралы айтып берді.

«Біз Алматы нарығында ғана емес, Қазақстанның 6 қаласындамыз. Өндірісті өнеркәсіптік паркке ауыстырғанға дейін біздің цех қаланың төменгі жағында орналасты. Бұл локация бізге ұнаған жоқ, сондықтан біз цехті өнеркәсіптік паркке орналастыруды шештік», - атап өтті Pro salon.kz негізін алаушы Мақсат Абиев.

Кушетка өндірісі бойынша бизнесті ол әйелімен бірге 2016 жылы бастады. Компания айына 300 жуық кушетка шығарады, оның айналымы: айына 7-8 млн теңге. Бір кушетка құны 22 мың теңгеден бастап 100 мың теңгеге дейін.

Қазір кәсіпорын өнеркәсіптік паркте 300 ш. метр алаңды жалдап отыр.

«Жалдау құны шаршы метр үшін 1200 теңгені құрайды. Ай сайынғы жалдау шығындары 360 мың теңгені құрайды», - дейді кәсіпкер.

Ол пандемияға байланысты Ресейден сүрек жеткізу мерзімі баяулағандығын атап өтті. «Бұл шикізатты жеткізу мерзімі 1-2 аптаға ұзарды. Металды Қарағандыда сатып аламыз. Пандемия кезінде өнімді сатуға байланысты қиыншылықтар болған жоқ, сұраныс тұрақты болды», - дейді Мақсат Абиев.

Қазіргі уақытта компания Alibaba алаңы арқылы экспортқа шығу үшін құжаттар дайындауда. «Биыл біз жұмсақ жиһаз шығаруды жоспарлап отырмыз», - деп атап өтті кәсіпкер.

Дереккөз: www.kapital.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



Дивандарға орын табылмады

Өнеркәсіп және сауда министрлігінің қолдауын алған Ресей жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары қауымдастығы (РЖАӨҚ) көппәтерлі тұрғын үйлерде жиһаз дүкендерін орналастыруға ТЖМ енгізген тыйымның күшін жоюға тырысуда. Нарық қатысушылары жаңа талап 17% мамандандырылған дүкендердің жабылуына және сату көлемінің 20% түсетіндігіне сенімді.

Жиһаз жасаушылар сауда нүктелерін орналастыру үшін жаңа алаңдарды өтпелі кезеңнің болмауына байланысты таба алмады.

Биылғы жылы тамызда көппәтерлі тұрғын үйлерде жиһаз дүкендерін орналастыруға ТЖМ енгізген тыйым осы өнім өндірісіне кері әсерін тигізеді, бұл сауда нүктелерінің азаюына әкеледі. Бұл туралы Өнеркәсіп және сауда министрлігі басшысының орынбасары Виктор Евтуховпен ТЖМ-ге жіберілген хатта (көшірмесі “Ъ” бар) айтылған.

Хатта РЖАӨҚ өтінішін қарау және тыйымның күшін жою мүмкіндігін қарау ұсынылады.

ТЖМ мен Өнеркәсіп және сауда министрлігінде “Ъ” сұрауларына жауап берілмеді.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде жиһаз дүкендерін орналастыруға тыйымды көздейтін «Өртке қарсы қорғаныс жүйелері. Қорғаныс объектілерінде өрттің тарауын шектеу» қағидаларына өзгерістер жиынтығын ТЖМ 14 ақпанда енгізді. «Өрт орталығы» МК атқарушы директоры Александр Старостин жиһаз, кілем, лак-бояу материалдарының көп мөлшері ғимараттың салмақ түсетін құрастырылымына жану жүктемесін арттыратындығын түсіндірді.

Сарапшы тыйым бірінші кезекте бірінші қабаттары дүкендерге берілген үйлерге бағытталған деп болжайды.

«Бірақ жаңа қағидалар қабырғалары отқа төзімді тұрғын үйлерге кіріктіре салынған дүкендерді де қамтыған болып шықты», - пайымдайды Старостин мырза.

РЖАӨҚ-де дүкендер тұрғын үйлерде қосымша өрт қаупін тудырмайды деп тұжырымдайды: әдетте онда көрмелік үлгілер тұрады және көп өнім сақталмайды, ал жиһаздар алып жатқан аумағы бойынша пәтердегіден артық емес. Қауымдасық президенті Александр Шестаков, шағын қалаларда жиһаз орталықтары жоқ, бірінші немесе жертөле қабаттарындағы сауда орындары жиһазды көрсетудің жалғыз мүмкіндігі – деп қосады.

РЖАӨҚ есептеуі бойынша Ресейде қазір барлығы 61,9 мың жиһаз дүкені, шоурум және салон жұмыс істейді. Оның 10,7 мыңы көп пәтерлі тұрғын үйлерде орналасқан. Қазір олар өз жұмыстарын штаттық режимде жалғастыруда, алайда, кез келген уақытта ТЖМ шешімі бойынша жабылуы мүмкін. РЖАӨҚ есептеуі бойынша ресей жиһаз өндірушілерінің 56% үшін бөлшек сауда — өнімді өткізудің жалғыз тәсілі. Сондай-ақ, тауардың елеулі үлесі офлайн сатылады. Шестаков мырзаның бақылауы бойынша COVID-19 аясында көптеген дүкендер мен сауда орталықтарының жұмысына шектеу қою саладағы бөлшек сауда айналымын 30% қысқартуға алып келді, ал жиһаз өндірісінің көлемі 70-90% құлдырады. ТЖМ шешімі, сату көлемін тағы да 20% төмендетуге алып келеді - деп жалғастырады ол..

Дереккөз: kommersant.ru



Новосибирскіде корпусты жиһаз өндірісі бойынша жаңа фабрика ашылды

Өндіріс 2020 жылғы тамызда іске қосылды. Алаңы 1500 шаршы метр жаңа фабрикада корпусты жиһаз өндіретін болады. Тағы 1500 шарша метр аумақта қойма бөлмелері орналасқан.

Кәсіпорынның техникалық паркі еуропалық өндіріс білдектерінен тұрады: стандартты емес формалар мен өлшемдердің күрделі детальдарын жасау үшін Gabbiani СББ-мен форматтық-пішу орталығы, IMA Schelling концернінің жиекқаптайтын білдегі, Biesse Group маркалы СББ-мен бұрғылау орталығы және Masterwood брендінің жабдығы.

Жаңа алаң красноярлық «Ваша мебель» жиһаз фабрикасына тиесілі. Новосибирск компанияның өндірістік қуаты мен қоймалары бар екінші қала болып отыр.

Фирма өкілдері атап өткендей, дағдарыс кезінде жаңа фабрика ашу – бұл компания үшін өндіріс қуатын, сату көлемін арттыруға және материалдар мен дайын өнім жеткізу шығындарын қысқартуға мүмкіндік беретін маңызды қадам. Жаңа алаң Новосибирскіден бастап Ресейдің еуропалық бөлігіне дейін көтерме қоймаларды корпусты жиһазбен қамтамасыз ететін болады.

Дереккөз: mebel-news.pro